Бекітемін:
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
ДТЖЖО: _____
Ы.А.Жаутиков
«05» қаңтар 2026 ж

Бекітемін:
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
директоры:
Б. С. Длимбетова
«05» қаңтар 2026 ж.

СЫНЫП САҒАТЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

Мұғалімі: Шайлавов Зухриддин

Таңдау пәні: Сынып сағаты

Сынып: 3«А»

Сағат саны: 34

Шымкент қаласы

2025 - 2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды.

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

2025–2026 оқу жылынан бастап бұл бағдарлама «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы (ҚР Оқу-ағарту министрі бұйрығы 26.05.2025ж. №123) (бұдан әрі – Бағдарлама) деп аталатын болады. Бағдарлама бұған дейін іске асырылған бастаманың толықканды жалғасы болып табылады.

Бағдарлама мақсаты – «Адал азамат» тұжырымдамасының идеалдарына сай, патриоттық рухта тәрбиеленген, білімді әрі жасампаз ұрпақты қалыптастыру. Жаңа оқу жылында негізгі 6 құндылық бойынша тәрбие бағытындағы жұмыстар өз жалғасын табады: тәуелсіздік және отаншылдық; бірлік және ынтымақ; әділдік және жауапкершілік; заң және тәртіп; еңбексүйгіштік және кәсіби біліктілік; жасампаздық және жаңашылдық. Бағдарлама мазмұнына сәйкес ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Бағдарламаның міндеттері:

- **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**
  - отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
  - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
  - адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
  - табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
- **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**
  - елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
  - отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
  - өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
  - әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.
- **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**
  - басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
  - өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
  - еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
  - біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
- **Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:**
  - әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
  - білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.
- **Бағдарлама мазмұны:**
  - Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары

Scanned with CamScanner

Әр айдың іс-шаралары :

күнделікті

• **«Менің Қазақстаным»** – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

• **«Апта дәйексөздері»** – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.

• **«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.

• **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

• **«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

• **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу.

• **«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау апта сайын.

Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:

• Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
• Буллингтен қорған!
• Ойынға салауатты көзқарас;
• Өмірге салауатты қадам;
• Қоғамдық мүлікті қорға!
• Қауіпсіз қоғам.

«ДОСБОЛІКЕ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЕНДІРУ ТУРАЛЫ:

Жобаның мақсаты: Қазақстан Республикасындағы орта білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алуға бағытталған кешенді жүйені іске асыру.

Іске асырудың негізгі қадамдары:

1. Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту.
2. Мектептік буллингке қарсы команда құру.
3. Қақтығыс болуы мүмкін аймақтарды бейнебақылау жүйелерімен жабдықтау *(мүмкін болған жағдайда)*.
4. Педагогикалық ұжымға түсіндіру семинарларын өткізу.
5. Іс-шараларды тәрбие жұмысы жоспарына енгізу.
6. Әлеуметтік-психологиялық ахуалды диагностикалау жұмысын жүргізу.
7. Мамандардың біліктілігін арттыру.
8. Қызметкерлерге әрекет ету алгоритмдері жөнінде нұсқаулық беру.
9. Білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын және эмоциялық интеллектін қалыптастыру.
10. ППҚО-да ата-аналарға арналған сабақтар өткізу.
11. Әлеуметтік ахуалға тұрақты мониторинг жүргізу.
12. https://orken-instituty.kz/ru/dashboard/main цифрлық ресурстарды пайдалану

Scanned with CamScanner

мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
Қаңтар – заң және тәртіп айы;
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

- **Жүзеге асырылуға ұсынылған жобалар:**
  - **«Қамқор»** – әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.
  - **«Еңбегі адал** – жас өрен» – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
  - **«Шабыт»** – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
  - **«Ұшқыр ой алаңы»** – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.
  - **«Smart bala»** – инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
  - **«Балалар кітапханасы»** – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

- **Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:**

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

✓ **<u>Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық</u>**

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Бастауыш мектеп түлегі:

мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;
мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;
дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;
отбасының құндылығын түсіну;
тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;
қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

✓ **<u>Құндылық: бірлік және ынтымақ</u>**

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Бастауыш мектеп түлегі:

командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;
өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;
басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;
бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;
тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

Scanned with CamScanner

- ✓ **Құндылық: әділдік және жауапкершілік**

  Құзыреттілік: қоғамға қызмет

  Бастауыш мектеп түлегі:

  шындықты айту;

  достыққа адал болу;

  жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;

  өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;

  заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

- ✓ **Құндылық: заң және тәртіп**

  Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

  Бастауыш мектеп түлегі:

  өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;

  қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;

  педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;

  кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

- ✓ **Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

  Құзыреттілік: инновациялық ойлау

  Бастауыш мектеп түлегі:

  мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;

  өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;

  отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;

  нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол жеткізуге ұмтылу;

  өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

- ✓ **Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық**

  Құзыреттілік: шығармашылық

  Бастауыш мектеп түлегі:

  қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасай алу;

  жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде қолдана алу;

  инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық дағдыларды меңгеру;

  жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;

  өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну.

Scanned with CamScanner

3- сыныптардың сынып сағаттарының жұмыс жоспары

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

- **1 қыркүйек** – «Білім күні»
- **5 қыркүйек** – Қазақстан халқы тілдері күні
- **Қыркүйектің екінші жексенбісі** – Отбасы күні
- **Қыркүйектің үшінші жексенбісі** – Аналар күні
- **Қыркүйектің соңғы жексенбісі** – Еңбек күні

I тоқсан

1-апта дәйексөзі: «Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына» (Мұзафар Әлімбаев)
02-05.09.2025ж.

2-апта дәйексөзі: «Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!»
08-12.09.2025ж.

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1.	**«Мен және менің отбасым»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Жедел қызметтер мен байланыс орталықтарының телефон нөмірлері». / **«Оқушылардың көшелерде және жолдарда өзін-өздері ұстауларының негізгі ережелері.ЖЖЕ №1**	Сынып сағаты ***(видеоролик жасау)***	Сынып жетекшісі	**08.09.2025ж.**
	3-апта дәйексөзі: «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» (Абай) **15-19.09.2025ж.**			
2.	**«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталады»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Жедел қызметтерге қалай қоңырау шалуға болады?»	Сынып сағаты видеоролик	Сынып жетекшісі	**15.09.2025ж.**
	4-апта дәйексөзі: «Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы».(Абай) **22-26.09.25ж.**			
3	**«Еңбегі адал жас өрен»** жобасы **«Еңбек түбі - береке»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Не жөнінде үндемей қалуға және ата – аналардан жасыруға болмайды?	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**22.09.2025ж.**
	1-апта дәйексөзі: «Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!» **29.09-03.10.25ж.**			

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық

1 қазан – Халықаралық қарттар күні
5 қазан – Мұғалімдер күні
24 қазан – Кітапханашылар күні
25 қазан – Республика күні

Scanned with CamScanner

4	**1 қазан** – Халықаралық қарттар күні **«Қарияларға құрмет — ұрпақ парызы»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Өзіңді қорғауды қалай үйренуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**29.09.2025ж.**
2-апта дәйексөзі: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!» 06-10.10.25ж.				
5	**«Ұстаз – білімнің шамшырағы»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Бейтаныс адамның алдауына қалай түспеуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**06.10.2025ж.**
3-апта дәйексөзі: «Отанды сүю – отбасынан басталады!» 13-17.10.25ж.				
6	**«Smart bala» жобасы** **«Интернеттегі ізеттілік пен қауіпсіздік»** *Қауіпсіздік сабағы(10 минут)* «Виртуалды достық: онлайн танысу неліктен қауіпті?»/ **«Жүргіншілер өтпелері» ЖЖЕ №2**	Челлендж	Сынып жетекшісі	**13.10.2025ж.**
4-апта дәйексөзі: «Отанды сүю – отбасынан басталады!» 20-24.10.25ж.				
7	**«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** «Ұлттық мереке 25 қазан – **«Республика күні»** **«Қазақстан – ортақ үйіміз»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Күдікті заттар табылған кездегі қарапайым әрекеттер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**20.10.2025ж.**
КҮЗГІ ДЕМАЛЫС 27.10-31.10.25ж.				
II тоқсан Қараша – әділдік және жауапкершілік айы **15 қараша** – «Ұлттық валюта» теңге күні **16 қараша** – Халықаралық толеранттылық күні				
1-апта дәйексөзі: «Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!» 03-07.11.25ж.				
8	**«Оян, ар мен адалдық!»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Ата-аналардың бақылауы» бағдарламасы – бала үшін артықшылығы»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**03.11.2025ж.**
2-апта дәйексөзі: «Тура биде туған жоқ!» 10-14.11.25ж.				
9	15 қараша – **Ұлттық валюта – теңге күні**	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**10.11.2025ж.**

Scanned with CamScanner

	«Ұлттық валюта-теңге» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Әлеуметтік желдегі қауіпті ойындар»			
3-апта дәйексөзі: «Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі» **17-21.11.25ж.**				
10	**«ДОСБОЛЛІКЕ «Буллингтен қорған!»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Табиғат аясындағы қауіпсіз мінез-құлық қағидалары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**17.11.2025ж.**
4-апта дәйексөзі: «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!» **24-28.11.25ж.**				
11	**«Дұрыс тамақтану - денсаулық кепілі»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Жедел қызметтер мен байланыс орталықтарының телефон нөмірлері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**24.11.2025ж.**
Желтоқсан – Бірлік және ынтымақ айы **5 желтоқсан** – Дүниежүзілік Еріктілер күні **16 желтоқсан** – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
1-апта дәйексөзі: «Бірлігі күшті ел озады» **01-05.12.25ж.**				
12	Халық қаһарманы, жазушы **Бауыржан Момышұлының** туғанына **115 жыл** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Жедел қызметтерге қалай қоңырау шалуға болады?»	Сынып сағаты Мектептегі/сыныпта ғы тазалықты қолдау акциясы	Сынып жетекшісі	**01.12.2025ж.**
2-апта дәйексөзі: « Ынтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді» **08-12.12.25ж.**				
13	**«Әдептілік — тәртіптінің белгісі»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Не жөнінде үндемей қалуға және ата – аналардан жасыруға болмайды?	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**08.12.2025ж.**
3-апта дәйексөзі: «Бірлік болмай, тірлік болмас» **15-19.12.25ж.**				
14	**«Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Өзіңді қорғауды қалай үйренуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**15.12.2025ж.**
4-апта дәйексөзі: «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған»				

Scanned with CamScanner

	22-26.12.25ж.			
15	**«Бірлік және ынтымақ» құндылығы»** **«Жаңа жылдық тарту»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Бейтаныс адамның алдауына қалай түспеуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**22.12.2025ж.**
	ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫС **29.12-7.01.2026**			
	III тоқсан **Қаңтар – заң және тәртіп айы** **1 қаңтар – Жаңа жыл**			
	2-апта дәйексөзі : «Талап бар жерде, тәртіп бар» **12-16.01.26ж.**			
16	**«Адал болу – арлы болу»** *(сыбайлас жемқорлықтың алдын алу) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Виртуалды достық: онлайн танысу неліктен қауіпті?» **/ «Жарақаттанған кездегі алғашқы медициналық көмек» ЖЖЕ№3**	Сынып сағаты *(адалдық сағаты)*	Сынып жетекшісі	**12.01.2026ж.**
	3-апта дәйексөзі : «Тәртіп – тәрбие бастауы» **19-23.01.26ж.**			
17	**«Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Күдікті заттар табылған кездегі қарапайым әрекеттер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**19.01.2026ж.**
	4-апта дәйексөздері: «Әділет жолы- адал жол» **26-30.01.26ж.**			
18	**«ДОСБОЛЛІКЕ «Жақсы мен жаманды ажырат»»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Ата-аналардың бақылауы» бағдарламасы – бала үшін артықшылығы»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**26.01.2026ж.**
	Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық **14 ақпан** – Халықаралық кітап сыйлау күні **Ақпанның бірінші сейсенбісі** – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні			
	1-апта дәйексөзі: «Жасампаздық – бәрімізге өнеге» **02-06.02.26ж.**			
19	**«Smart bala» жобасы** **«4 ақпан** - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні» **«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Әлеуметтік желдегі қауіпті ойындар»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**02.02.2026ж.**

Scanned with CamScanner

2-апта дәйексөзі: «Шығармашыл бала – ойлы бала» 09-13.02.26ж.				
20	Қазақ поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы **Жамбыл Жабаевтың** туғанына **180 жыл** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Табиғат аясындағы қауіпсіз мінез-құлық қағидалары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**09.02.2026ж.**
3-апта дәйексөзі: «Өнерлі бала - өрге жүзер» 16-20.02.26ж.				
21	**«Шабыт» жобасы** **«Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына жәрдем ет»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*«Жедел қызметтер мен байланыс орталықтарының телефон нөмірлері».	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**16.02.2026ж.**
4-апта дәйексөзі: «Жаңашылдық – заман талабы» 23-27.02.26ж.				
22	**«Жаңалыққа ашық бол!»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Жедел қызметтерге қалай қоңырау шалуға болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**23.02.2026ж.**
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы **1 наурыз** – Алғыс айту күні **8 наурыз** – Халықаралық әйелдер күні **21, 22, 23 наурыз** – Наурыз мерекесі **30 наурыз** – Дүниежүзілік Жер күні				
1-апта дәйексөзі: «Патриотизм – ата-анаңды құрметтей білуің...» (Б.Момышұлы) 02-06.03.26ж.				
23	**«Рақмет айту — ізеттілік белгісі»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Не жөнінде үндемей қалуға және ата – аналардан жасыруға болмайды?» / **Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы. «Ананың аялы алақаны»** челленджі *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Өзіңді қорғауды қалай үйренуге болады?»	Сынып сағаты, челлендж	Сынып жетекшісі	**02.03.2026ж.**
2-апта дәйексөзі: «Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік» 10-13.03.25ж.				
3-апта дәйексөзі: «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады» 16-20.03.26ж.				
24	**«Наурыз – жыл басы»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Бейтаныс адамның алдауына қалай түспеуге болады?» / **«Жарақаттанған кездегі алғашқы медициналық көмек»? ЖЖЕ№4**	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**16.03.2026ж.**

Scanned with CamScanner

КӨКТЕМГІ ДЕМАЛЫС **19-29.03.25ж.**				
IV тоқсан **Сәуір – еңбеккорлық және кәсіби біліктілік айы** **2 сәуір** – Халықаралық балалар кітабы күні **7 сәуір** – Дүниежүзілік денсаулық күні **12 сәуір** – Ғылым күні **15 сәуір** – Халықаралық мәдениет күні **18 сәуір** – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні **23 сәуір** – Ұлттық кітап күні				
1-апта дәйексөзі: «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең» **30.03-03.04.26ж.**				
25	**«Балалар кітапханасы»** жобасы **«Кітап -сарқылмас бұлақ»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Виртуалды достық: онлайн танысу неліктен қауіпті?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**30.03.2026ж.**
2-апта дәйексөзі: «Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап» (Абай) **06-10.04.26ж.**				
26	**7 сәуір** – Дүниежүзілік денсаулық күні **«Өмірге салауатты қадам»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Күдікті заттар табылған кездегі қарапайым әрекеттер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**06.04.2026ж.**
3-апта дәйексөзі: «Көп еңбек еткенге бақыт басын неді» (Леонардо да Винчи) **13-17.04.26ж.**				
27	**«ДОСБОЛЛІКЕ «Бірге ойна, ренжітпе!»** *(Буллингтің алдын алу)* *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Ата-аналардың бақылауы» бағдарламасы –бала үшін артықшылығы» / **«Сен - велосипедшісің»ЖЖЕ №5**	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**13.04.2026ж.**
4-апта дәйексөзі: «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар» **20-24.04.26ж.**				
28	**«Бүгінгі еңбек – ертеңгі жетістік»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Әлеуметтік желдегі қауіпті ойындар»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**20.04.2026ж.**
5-апта дәйексөзі: «Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер» **27-30.04.2026ж.**				
29	**«Бірлік бар жерде – тірлік бар»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Табиғат аясындағы қауіпсіз мінез-құлық қағидалары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**27.04.2026ж.**
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы				

Scanned with CamScanner

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні **7 мамыр** – Отан қорғаушылар күні **9 мамыр** – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні **15 мамыр** – Халықаралық отбасы күні **18 мамыр** – Халықаралық мұражайлар күні **31 мамыр** – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				
1-апта дәйексөзі: «Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ» 04-08.05.26ж.				
30	**«Мен – Отанымның патриотымын»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Жедел қызметтер мен байланыс орталықтарының телефон нөмірлері».	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**04.05.2026ж.**
2-апта дәйексөзі: «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ» 11-15.05.26ж.				
31	**«Отбасы құндылығы-отбасы жылуы»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Жедел қызметтерге қалай қоңырау шалуға болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**11.05.2026ж.**
3-апта дәйексөзі: Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Төле би) 18-22.05.26ж.				
32	**«ДОСБОЛІКЕ «Мен - мейірімді доспын»** *(буллинг)* *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Не жөнінде үндемей қалуға және ата – аналардан жасыруға болмайды?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**18.05.2026ж.**
4-апта дәйексөзі: Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп. /Күлтегін/				
33	**«Білімім – Отаныма!»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* «Өзіңді қорғауды қалай үйренуге болады?» / **«Көше жүргізушілердің көзімен» ЖЖЕ №6**	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**25.05.2026ж.**

Сынып жетекші: *Г.Т. Құрманбай*

Scanned with CamScanner

Дәйексөзі:	**«Білім – баға жетпес байлық, ізденгенге таптырмас қазына.»**	
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Шайлавов Зухриддин	
Күні	**02.09.2025**	
Сынып: 3 А	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Тәрбие тақырыбы	**«Мен және менің отбасым»**	
Мақсаты	Мектеп – білім мен тәрбие беретін алтын ұя екенін ұғындыру. - Оқушылардың достық, сыйластық, мейірімділік қасиеттерін арттыру. - Өз мектебіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.	
Қауіпсіздік сабағы	**«Шұғыл қызмет нөмірлері»**	
Мақсаты	оқушыларға шұғыл қызмет нөмірлерін қолдануды үйрету.	


Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтың әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	Шаттық шеңбері «Мейірімді жүрек» әдісі арқылы оқушыларды сабаққа тарту. Қызығушылық ояту «Суреттер сөйлейді» әдісі – мектеп бейнесі бар суреттер көрсетіп, сұрақтар қою.	Дөңгеленіп тұрып, бір-біріне жылы сөздер айтады. Оқушылар өз пікірін айтады.		слайд
Сабақтың ортасы	**1) Тақпақтар тыңдату.** **2) «Жылы сөздер себеті», «Мектеп гүлі» ойындарын ұйымдастыру.** Мектеп – қамқор анамыз Оқып білім аламыз, Өнерпаз боп өсетін Біз оқушы боламыз! Өмірімнің көктемін Сенде өткіздім деп келдім, Алтын ұя - мектебім! Армандарым көп менің, Атқарамын деп келдім, Асыл – анам мектебім Қыркүйектің бірінде Кеудем толы дірілге Құлақ түрем елеңдеп Қоңыраудың үніне Қуаныш бүгін – мереке, Шуағын шашып тұр әлем. Мектепке келген алғашқы, Жан досым, саған мың сәлем. «Білім күні» құтты болсын, Баршаңызға бүгінгі.	Тақпақ айтады, ойындарға қатысады, гүлге тілектерін жазады	презентация	Көрнекілік

Scanned with CamScanner

	Оқушылар жақсы оқып, Бола берсін білімді! Ұстаздарға алғыс айтам, Қабыл алған біздерді. Жақсы оқып әлі талай, Әкелерміз жүлдені! **«Ойлан–Жұптас–Бөліс» әдісімен сұрақтар** Бүгін біздер м ектебім мейірімділік туралы сөз қозғаймыз. Жақсылық пен жамандық адамның іс - әрекеті арқылы өлшенеді. Халқымыз «жақсылық» деген ұғымды адамгершілікке балаған. Адамгершілігі молмейірімді, қайырымды адамды «жақсы адам» деген. Ендеше жақсылық пен жамандық туралы ойланып көрейік. Оқушыларға сұрақ қойылады: - Жақсылық, жамандық деген ұғымдарды қалай түсінесіздер? - Жақсы болу, жақсылық жасауды қалай үйренуге болады? - Жақсы сөз айту, жақсылыққа жата ма? - Жақсылық жасау адам жасына байланысты ма? - жақсы адамның бойында қандай қасиеттер болады? **«Болады-болмайды»** -Мейірімді болуға …. (болады), Кешірімді болуға (болады), Қатыгез болуға …. (болмайды), Тәртіпті болуға …. (болады), Әдепті болуға …. (болады), Ұрысқақ болуға…. (болмайды), Сыпайы болуға …. (болады), Қайырымды болуға …. (болады), Бұзық болуға …. (болмайды), Бауырмал болуға …. (болады), Ақылды болуға ….. (болады), Мақтаншақ болуға …. (болмайды), Шыншыл болуға …. (болады), Арам болуға …. (болмайды), Маман болуға …. (болады), Жаман болуға …. (болмайды),	(оқушылар шеңберге тұрады, мұғалім бол атын нәрселерді айтқ анда оқушыларқолда рын 2 рет шапалақта йды, ал болмайтын н әрселерді айтқанда а яқтарымен тарсылдатады)		

Scanned with CamScanner

	Айтпақшы, Жаман б олуға ….! (болмайды).			
Қауіпсіздік сабағы	№ 1 САБАҚ. «ШҰҒЫЛ ҚЫЗМЕТ НӨМІРЛЕРІ» Сабақтың мақсаты: оқушыларға шұғыл қызмет нөмірлерін қолдануды үйрету. Сабақтың барысы 1.Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй орнату (1-2 мин). 2.Мақсат қою. Тақырыпты анықтау. Постерді қарап шығыңдар.  Сабақтың тақырыбын анықтаңдар. Сабақтың мақсаты: адам өмірін құтқару үшін төтенше қызмет нөмірлерін есте сақтау. «Есте сақта!» *Өрт күзеті* — *101* *Полиция* — *102* *Жедел жәрдем* — *103* *Төтенше газ қызметі* — *104, 112* *Бірыңғай құтқару қызметі* — *112* *«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, бала құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жазғаз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған.* *- «111» нөмірі – 24/7 байланыста* *- «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды* *- «111» нөмірі – тәулік бойы ІІД және өңірлердің жедел топтарымен байланыста.* — *111* - Төтенше қызмет нөмірлері туралы не білесіңдер? «Төтенше» деген сөздің мағынасын түсіндіріңдер. -Адамдар бұл нөмірлерді қандай жағдайларда қолданады? 4.Негізгі бөлім. Оқу мақсатын орындау шешімдері. Топпен жұмыс. Педагог жұппен жұмыс істеуді ұсынады. 1-оқушы – диспетчер, 2-оқушы – қиын жағдайға тап болған адам. 1-топ: өрт; 2-топ: бұзақылардың шабуылы; 3-топ: көшеде ес-түссіз жатқан адам; 4-топ: пәтердегі газ иісі; 5-топ: терең шұңқырға құлаған бала. 2 мин уақыт беріледі. Әр топ берілген тақырып бойынша дайындалып, іс-әрекеттерін, төтенше қызмет нөмірін қалай қолданғанын сынып алдында көрсетуі керек. Әр топ жұмысы жеке тыңдалады. Қорытынды. Рефлексия (2минут) -Төтенше қызметті көмекке шақыру сендерге қиын болды ма, әлде жеңіл ме?-Қиындыққа ұшырағаң адамға көмектесу үшін ең бастысы нені білу керек? (Сасқалақтамау, не болғанын анық, дұрыс түсіндіру, төтенше қызметке мекенжайды дұрыс айту) Үй тапсырмасы: жедел жәрдем нөмірлері бар жадынама дайындаңыз, әдемі безендіріңіз және досыңызға беріңіз.			**Пайдалы сілтемелер:** https://www.youtube.com/watch?v=fyfkEuHSIlc&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=5

Scanned with CamScanner

	Сабақтың қорытындылай келе «Жүректен жүрекке» деген ниетпен мынандай кішкентай жүрекшелерге өз тілектеріңді қалаған адамдарыңа жазып тапсыруларыңды сұраймын.Сонымен балаларбүгінгі сабақтан не білдік?Не туралы,қандай адами құндылықтар,қасиеттер туралы білім алдық? Сабағымыздың басында сендерге «Ең мейірімді, ең қайырымды адамды табу тапсырылған болатын. Сол тапсырманың қорытындысы бойынша «Алтын жүрек» иесін анықтасақ деймін. Ол үшін сендердің жауаптарыңды қорытындылаған адамдарға сөз берейік.(«Алтын жүрек» иесін алтын жүрекшемен марапаттау).	Жүрекшелер арқылы ең қайырымды адамды табады		


Scanned with CamScanner

Мектеп:	Зияткер Тұран	
Педагогтің Т.А.Ә.(болған жағдайда)	Шайлавов Зухриддин	
Күні:	4-апта 22.09.2025	
Сынып:3	Қатысушылар	Қатыспағандар саны
Сабақ тақырыбы:	**«Еңбегі адал жас өрен» жобасы**	
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылығы:	Бірлік пен ынтымақ Адам өміріндегі, отбасындағы, қоғамдағы еңбектің құндылығын түсіну	
Құзыреттілігі:	Инновациялық ойлау	
Апта дәйексөзі	**«Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы»**	
Сабақтың мақсаты:	Адал еңбекті бағалау Оқушылардың еңбек туралы түсініктерін кеңейту	
Қауіпсіздік сабағы:	«Қалай өз - өзіңді қауіпсіз қорғауға болады?»	



Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	**Сәлемдесу.** «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындайды **Психологиялық ахуал орнату.** Гүл өсірсең терлеп, Мұның аты – еңбек. Кесте тіксең зерлеп, Мұның аты – еңбек. Сабағыңды жөндеп, Әзірлесең еңбек. Қиындықтың бәрін, Еңбек қана жеңбек! «Қауіпсіздік сабағы» –жайлы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.  	Әнұран шырқайды Оқушылар өлең шумақтарын қайталай отырып, сыныпта жағымды ахуал қалыптастырады Оқушылар ӨҚН тақырыбымен танысып ережелерді есте сақтайды	Табиғатты аялайық адамзат! - YouTube

Scanned with CamScanner

	Тақырып ашу. **«Гүлдер» әдісі** **Еңбек түрлеріне байланысты сипаттамаларды атап шығып, тақырыпты ашу**  **III «Бейнеролик айдары» Еңбек жайлы түсініктерін кеңейту** 	Оқушылар еңбек түрлерін айта отырып тақырыпты ашады Бейнероликті тамашалап, сұрақтарға жауап береді	**https://www.youtube.com/watch?v=wgyEUIN5ePw**
Сабақтың ортасы	**Әңгімелесу.** “Еңбек”, “Еңбексүйгіштік”деген ұғымдарды қалай түсінесіңдер? Еңбек адамға не үшін қажет деп ойлайсыңдар? Қандай адамды еңбекқор дейміз? Сендердің қазіргі негізгі еңбектерің қандай? **«Wordwall» әдісі** **Жалғасын тап:** Еңбек бейнет емес …(зейнет) Еңбегінен ел … (таныр) Еңбегі аздың өнбегі … (аз) Еңбек ер … (атандырады) Еңбек ептілікті … (сүйеді) Еңбек еткен мұратқа … (жеткен) Еңбек адамның екінші… (анасы) Еңбек ата жер … (ана) **Сергіту сәті.** **«Дұрыс па, бұрыс па?»** Қойшы балаларды оқытып жүр. Жүргізуші машина жүргізеді Аспазшы үй салып жүр. Дәрігер адамдарды емдейді. Жазушы хат, газеттер тасып жүр.	Сәйкестендіру жұмысын жасайды Сұрақтарға дұрыс жауап береді	 https://wordwall.net/ru/resource/48625947/%D0%B5%D2%A3%D0%B1%D0%B5%D0%BA-%D1%82%D1%83%D1%80%D0%B0%D0%BB%D1%8B-%D0%BC%D0%B0%D2%9B%D0%B0%D0%BB-%D0%BC%D3%99%D1%82%D0%B5%D0%BB%D0%B4%D0%B5%D1%80

Scanned with CamScanner

Сабақтың соңы	Дәрігер етіктігін отыр. Мұғалім балаларды емдеп жүр. Ұшқыш әдемі киім тігеді. Өрт сөндіруші өртті сөндіреді. Суретші сахнада ән айтып тұр. **Топтық жұмыс** 1 топ: Еңбектуралы 3 мақал-мәтел жазып, мағынасын түсіндіру. 2-топ: «Еңбекқор жәндіктер» туралы жазып, айту. **Қорытынды** **Топтастыру.** Слайд арқылы «Еңбектің пайдасы» деген сөзге топтастыру жасау. Еңбектің пайдасы – тәрбиелейді, жігерлендіреді, күшбереді, қуантады, бақытты етеді, өмір сүруге үйретеді, үнемшіл болуға үйретеді, ширатады, шынықтырады. Адамның өмір сүруіне қажеттінің барлығы еңбекпен келеді. **Ән: « Болайықшы осындай!»**  	Топтық жұмысты орындайды Топтастыру жасайды Ән шырқайды	  https://www.youtube.com/watch?v=dsKo7W_2bLc

Scanned with CamScanner

Апта дәйек сөзі	**«Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!»**	
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)	**Шайлавов Зухриддин**	
Күні:	6.10.25 ж	
Сынып: 3	**Қатысушылар саны:20**	**Қатыспағандар саны:0**
Тәрбие тақырыбы	**«Ұстаз – білімнің шамшырағы»**	
Мақсаттары	Оқушыларды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіну. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге үйрену, Оқушылардың бойына дамыту әрі дарыту.	
Қауіпсіздік сабағы	«Бейтаныс адамның алдауына қалай түспеуге болады?»	
Құндылық	балаларды түрлі жағдайларда бейтаныс адамдармен өзін дұрыс ұстауға үйрету.	

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	**Ой қозғау:** Балалар, түсінбедім , мына жүрек не мағына береді, ойлана -ойлана таба алмадым? - Оқушы: - Ол – жүрек аяулы Ұстаз жүрегі - Қандай тамаша! Ал, кішкене жүрекшелер ше? - Оқушы : - Ол біздің, шәкірттердің жүрегі - Ұстаз жүрегін шәкірт жүрегі неге айнала қоршап тұр? - Оқушы: - себебі, ұстаз жүрегі мейірімге, сүйіспеншілікке ,махаббатқа толы. Бар жылуын шәкірттеріне беріп , әрқаша қамқор болып **Кіріспе сөз:** Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегіндегі қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, оның бірі-Ұстаз.	Ұстаз деген сөз қазақ баласы үшін қашанда қасиетті, қадірлі болған. «Ұстаздан тәрбие алған» немесе «Ұстаз алдын көрген» деген сөздер «Ана тәрбиесін көрген»деген сөздермен ұштасып жатады. Ұрпақ тәрбиесі- ұстазға байланысты. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей өнегелі ұстаздан жақсы шәкірт шығатыны сөзсіз.		презентация

Scanned with CamScanner

Сабақтың ортасы 15 мин	1. **Видео – ролик (ұстаздар туралы)** Бейне таспаны көріп болғаннан кейін балалар не көргендері туралы өздерінің ойын сыни тұрғыда қалыптастыра отырып, пікірлерін білдіреді. 1. **«Ұстазым менің ұстазым»** атты презентацияны балалардың ойын толықтыру және ұстаздарға деген құрметтерін арттыру мақсатында жалғасын табады. 1. **«Ұстазға көрсетілетін құрмет»** 1. Ұстаз кіргенде құрмет ретінде түрегелу. 2. Ұстаз алдында отырғанда тәртіп сақтау. 3. Сұрақтарға қолын көтеріп жауап беру. 4. Ұстаз айтқан ақыл кеңесің тыңдау. 5. Ұстазға жол беру. 6. Ұстаз берген тапсырмаларды мүлтіксіз орындау. 7. Ұстаз алдында бей - берекетсіз күлмеу. 8. Ұстазды сабақтан бос уақытта қадірлеу.	**Мұғалімдер кім болуды армандайды?** **(қызықты сауал. Мұғалімдердің жұмысы қаншалықты қиын әрі бағалы екенін насихаттау мақсатында баяндалады).**		Суреттер
10 мин	**№ 5 САБАҚ. «БЕЙТАНЫС АДАМДАРДЫҢ ҚУЛЫҒЫ»** Сабақтың мақсаты: балаларды түрлі жағдайларда бейтаныс адамдармен өзін дұрыс ұстауға үйрету. -Суреттерді қарап шығып, сабақ тақырыбы мен мақсатын анықтайық.  **Сабақтың мақсаты: бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасамау дағдыларын қалыптастыру.** Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау	Сұрақтарға жауап береді.Тапсырманы орындайды		**Пайдалы сілтеме:** https://www.youtube.com/watch?v=hftM9yB25r4&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-lEuEG9KjOrJzvPM&index=36

Scanned with CamScanner

	- Сен көшеде бейтаныс адамдармен сөйлескен жағдайлар болды ма? Бұл жағдай қалай болды? - Неге ата-аналар мен педагогтер балаларға көшедегі бейтаныс адамдармен сөйлесуге, қарым-қатынас жасауға тыйым салады? **Негізгі бөлім.** **Топтық жұмыс. Әр топ түрлі жағдаяттар жазылған карточкаларды алып, сахналап көрсетеді.** 1- **топ.** Бейтаныс адам өзін баланың анасының танысымын деп, баланы өзімен бірге баруға көндіргісі келеді. Мысалы, «Менімен бірге дүкенге барасың ба, мен саған кәмпит сатып әперемін», «Менің үйімде тотықұс бар, сенімен достасқысы келеді». 2- **топ.** Сымбатты жас жігіт баланы өзінің жаңа машинасына отыруға шақырады: «Отыр! Үйдің жанында машинамен жүреміз. Рульге отырғың келе ме? Біз шамалы серуендейміз. Тіпті анаң да білмей қалады». Жауап беру үлгісі: «Рақмет, мен асығыспын!», «Кешіріңіз, мені анам күтіп отыр», «Бізде де дәл осындай машина бар», «Мен сізбен сөйлескім келмейді!». 3- **топ. Бейтаныс** адам пәтердің қоңырауын соғады. Жеделхат әкелгенін айтады. Балалар үйде жалғыз болады. Балалардың жауаптары: «Қазір мен анамды шақырамын (көршісіне телефон соғады), «Анам ваннада, кішкене күте тұрыңыз». 4- **топ: Бала** гипермаркетте адасып қалады. Ол не істеуі керек? Жүгіріп анасын іздейді. Адасқан жерінде тұрады. Полиция қызметкеріне көмекке жүгінеді. «Сенің анаңды жаңа ғана көрдім, жылап, сені іздеп жүр» деген бейтаныс адамға еріп кетеді. Қасында өтіп бара жатқан адамнан жақын жердегі полиция	**Топтық жұмыс орындайды**	

Scanned with CamScanner

	бөлімшесіне апаруды өтінеді. Сатушыдан көмек сұрайды. Қасынан өтіп бара жатқан адамнан полиция бөлімшесіне телефон соғып, оның адасып қалғанын және қай жерде екенін хабарлауды өтінеді. Жағдаяттар қарастырылып, талқыланып, дұрыс шешімі таңдалады.		
Сабақтың соңы	Мұғалімдер әсте әртіс, жазушы, сот, бастық, сылақшы, майлаушы, немесе еден сыпырушы болуды армандамайды. Өйткені: - Әр мұғалімнің жұмыс бөлмесі, отыратын жұмыс үстелі, қармағында 30-40 оқушысы бар, кішігірім бастық емес пе? Ашса алақанында, жұмса жұдырығында, — дегендей ұрыс, төбелес жөніндегі бала мен ата-ана дауын да бір өзі шешіп отырады. - Әр мұғалім өз сабағының шебері, яки режиссері, көбінесе басты рөлде де өзі ойнайды. Әртіс демей көр, кәне. Көпшілік көрініске де өзі қатысады. - Бір тыным жоқ. Кабинет тазалығы да өз мойнында. Демек, майлаушы да өзі, сылаушы да өзі. Безендіруші де өзі. - Жазушыларға келер болсақ, тіпті кейбір жазушыларыңыз да, мұғалім құсап күнде жазуға отырмас. - Соңғы кезде бухгалтер мен кассир де өздері. Ұстаздарымыз сан алуан қосымша мамандықтар меңгеруде. Ендеше қай мекемеге қандай мамандық иесі өте зәру болса, 2-3 айлық жазғы демалыс кезінде біздің ұстаздарды шақыруларыңызға болады. **«Жүректен жүрекке»** ұстаздарға ақ тілек... (Балалар ұстаздарына деген жылы лебіздерін білдіреді). **Рефлексия.** . (Оқушцылар бүгін қандай әсер алды өз ойларын жазады.)	Топтарға берілген тапсырмалар бойынша балалар өз ойларын айтады.	

Scanned with CamScanner

Мұғалімнің аты-жөні	Шайлавов Зухриддин	
Күні:	03.11.2025 ж	
Сынып 3 А	Қатысушылар саны:20	Қатыспағандар саны:0
Сынып сағатының тақырыбы	«Оян, ар мен адалдық»	
Тәрбие жұмысының бағыты		
Ұлттық құндылықтар	**Ұлттық мүдде құндылығы:** Адалдық пен шындықтың адами қарым-қатынастағы мәнін түсіндіру. **Ар-ұят құндылығы:** Халқына адал қызмет ететін. Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалау. **Талап құндылығы:** Қоршаған орта тазалығын сақтауға. Жан мен тән тазалығын сақтай білу.	

Тәрбие сағаты

Тәрбие сағатының барысы

Барысы	Тәрбие сағатындағы орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Ресурстар
Кіріспе 10 мин Мақсаты **Негізгі**	**Шаттық шеңбері** Оқушылардың сабаққа қызығушылығы мен көңіл күйлерін көтеру және олардың мақсат-міндеттерін ұғындыру мақсатында С.Сейітовтің «Шындық шырайы» өлеңін бірге оқып түсіндіру. **Мәтінмен жұмыс** Сабақты З.Шашкиннің «Темірқазық» әңгімесімен жалғастыру. **Әңгімелесу** • Сіздің адалдыққа деген сеніміңіз қандай? • «Адалдық-адамдық белгісі» дегенді қалай түсінесіздер? • Неліктен адалдық «кеңпейілділік,ақкөңілділік,шыншылдық»ұғымдарымен қатар жүреді? • Адалдық қандай әрекеттен қандай жағдайда көрінеді? **Тапсырма** Оқулықта берілген мәтінді оқу және жүйелеп айтып беру. **Тыныштық сәті** Баланың жүрек соғу ырғағы мен тыныс алуын реттеу үшін «Тыныштық сәті» әдіс-тәсілін қолдану. **Дәйексөз** «Адалдық-ардың ісі» деген халық мақалын түсіндіру арқылы оқушылар жаңа ақпараттан пайымдаған ой пікірлерін жалғастырып,ары таза адал адам мәнді өмір сүретінін түсіндіру мақсатын жүзеге асырады. **Жаңа ақпарат** Ары таза адал адам мінді өмір сүреді.Оның ішінде Отанына,отбасына,қоғамға адалдық адамның өзіне,өзгеге,болашаққа деген сенімен арттыра түседі. Адалдық әр адамның өзін де,өзгені де сыйлауын көрсетеді. Адалдық бар жерде адам өзіне де,өзгеге де шындықты айтады,оны айту ауыр болғанда да ол тартынбайды.Адал болу тек қана өтірік айтпау емес,шындыққа ешбір қалтықсыз сену. Адалдық біздің жан дүниемізден басталады.Ол адами қарым-қатынастан және іс-әрекетімізден көрінеді.Адал адамға сенім артуға болады,оның қандай жағдайда да күмән келтіруге болмайды.Адалдығы бар адамның рақымы мол болады. Жағдаятты талдау Берілген жағдаят бойынша оқушылардың көзқарастары мен пайымдауларын талдау	

Scanned with CamScanner

